

ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша іс-шара

Ұлттық ойындар

Тақырыбы: «**Кім епті**»

Өтiзген: Амангожина А.А

2021-2022 оқу жылы

Тіксерілді
Білім

Тақырбы: «Рухани жаңғыру бойынша, салауатты өмір салтын ұстану мақсатында балаларға ұлттық ойынды ұйымдастыру»

Мақсаты: Балалардың денсаулығын шынықтыра отырып, қимыл әрекеттерін жетілдіру. Ұрпақтан ұрпаққа жалғастыру мақсатында қазақ халқының тіршілік әрекетіне байланысты ұлттық ойындарды ойнауды дағдыландыру. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Ептілікке, шапшаңдыққа төзімділікке ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балаларға ұлттық ойындарды ойнату арқылы, қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпын, туған елге, жерге, Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін, ойын кезінде саусақ, қол моторикасын дамыту. Тапқырлыққа, шапшаңдыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.

Балалар ағаш қасықтың көмегімен 1 қатармен залға кіреді. Сапқа тұрады. Амандасады.

Тік тұрындар! Түзеліндер! Оңға бұрылып, саппен жүріндер! Нұсқаулықты орындатады. Аяқ ұшымен жүреміз, қол белде. Өкшемен жүреміз, қол белде. Өкшемен жүреміз, қол желкеде. Саппен жүреміз, жәй жүгіреміз. Сапқа тұрамыз. Жалпы дамытушы жаттығуларын жасау.

«Қара жорға» әуенімен орындаймыз. Ағаш қасықпен жаттығулар жасау

Қимылды ойын **«Көңілді дөптар»**

Мақсаты: Берілген межеге дөпты дәлдеп тигізу. Балаларды ептілікке тәрбиелеу.

«Ұрпақ ұлттық ойынмен шыңдалады» демекші сіздерге қазақтың ұлттық ойындарының түрлерімен таныстырып кетейін.

Ұлттық ойын түрлері:

«Аламан бәйге» ойыны

«Қыз қуу» ойыны

«Асық ату» ойыны

«Алтыбақан тебу» ойыны

«Арқан тарту» ойыны

«Күш сынасу» ойыны

Осы кезде есік қағылып, топқа Бай мен Алдаркөсе келеді.

Сәлеметсіздерме,балалар!

Біз Алдар екеуміз осы «Балбөбек» тобына қонаққа келдік. Осы топта қазақтың ұлттық ойындарынан жарыс болады деп естіп едік. Бізде ұлттық ойындарыңа қатысып ойнағымыз келіп тұр. Бізді ойынтасыздар ма?

Алдар көсе: Ендеше екеуміз бәс тігейік. Қай топ жеңетін болса, сол бәстескен заттарымызды қалдырып кетеміз.

Жарайды.

Бай. Қойнындағы дорбасын алып,ортаға қояды.

Алдар көсе қолындағы домбырасын ортаға қояды

Балалар байдың тобы және алдар көсенің тобы болып екіге бөлінеді

Тәрбиеші: Жарыста сіздерге сәттілік тілей отырып, жарыстың шарттарымен таныстырып жіберейін

1. Ұлттық ойын «**Бәйге**»

Ойын шарты: Әр топтың алдына 3-4 м қашықтықта межелер белгіленеді. Екі топтың балалары сап түзеп тұрады. Бұл ойында жұптасып жарысады.Белгі бойынша әр топтан бір баладан атқа қонып жарысады. Балалар аттың шабысын салып шабу керек.

2. Ұлттық ойын «**Қол күрес**»

Ойын шарты: Ортаға екі ойыншы шығып,кілемнің үстіне жамбасынан жатады. Олар бас бармақтарын айқастыра,қолдарын жымдастыра ұстайды. Қолының күші көп ойыншы қарсыластың қолын жерге тигізу керек.

3. Ұлттық ойын «**Теңге алу**»

Ойынның шарты: Бұл ойынды ер балалар ойнайды.Аттың орнына шыбық пайдаланады.Белгілі бір жерге ыдысқа теңге салып қояды. Ойыншылар атпен шауып келе жатып,еңкейіп теңгені ыдымтан тез ала шабады.Егер ойыншы теңгені ала алмай қалған жағдайда жеңілген юолып есептеледі.

4. Ұлттық ойын «**Арқан тартыс**»

Ойынның шарты: Арқанның екі жағынан екі топқа бөлінген балалар тартысады.Қай топ өз жағына алып келсе сол топ жеңіске жетеді.

Қорытынды бөлім

Тәрбиеші: Құрметті әріптестер сайысымызды қорытындылай келе екі топтың ұпай санын санап, қай топтың жеңіске жеткенін анықтап, балаларды мақтап, мадақтау. Осымен ұлттық спорттық сайысымыз аяқталды. Көріп тамашалағандарыңызға рахмет! Ал енді балалар, апайларымызға сау болыңыздар деп, қоштасайық.

Балалар музыка әуенімен алаңнан шығып кетеді.

